

**"Kazmine Limited Liability Partnership" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Баянауыл ауданы Қызылтау ауылдық округі аумағында қауымдық сервитут белгілеу туралы**

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Қызылтау ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы 10 сәуірдегі № 1-21-05 шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 19-бабы 1-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 1-тармағы 6) тармақшасына сәйкес және 2025 жылғы 20 қарашадағы № 3853-ЕЛ пайдалы қатты қазбаларды барлауға берілген лицензияның негізінде Қызылтау ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймастан Баянауыл ауданы Қызылтау ауылдық округі аумағында қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Kazmine Limited Liability Partnership" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі:

1) жер учаскілерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеу, шығындардың мөлшері және оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен анықтау келісім бойынша жүргізілсін.

2) пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу мақсатында жер учаскелерін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтасын;

3) жұмыстар аяқталғаннан кейін бүлінген жер учаскелерін одан әрі тікелей мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтірсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылтау ауылдық округінің әкімі

Ж. Мажитов

Баянауыл ауданы

Қызылтау ауылдық округі әкімінің

2026 жылғы

"10" сәуірдегі № 1-21-05 шешіміне

қосымша

| Р/с<br>№ | Пайдаланушы                                   | Ауданы,<br>гектар | Нысаналы<br>мақсаты         | Пайдалану<br>мерзімі<br>(жыл) | Жертелімінің<br>орналасқан<br>жері |
|----------|-----------------------------------------------|-------------------|-----------------------------|-------------------------------|------------------------------------|
|          | "Kazmine<br>Limited Liability<br>Partnership" |                   | Қатты пайдалы<br>қазбаларға |                               | Баянауыл<br>ауданы<br>Қызылтау     |

|   |                                            |      |                        |                                       |                                                                  |
|---|--------------------------------------------|------|------------------------|---------------------------------------|------------------------------------------------------------------|
| 1 | жауапкершілігі<br>шектеулі<br>серіктестігі | 1100 | барлау жүргізу<br>үшін | 2031 жылдың 20<br>қарашасына<br>дейін | ауылдық округі<br>аумағында<br>Елді мекендер<br>жері 14-205-150- |
|---|--------------------------------------------|------|------------------------|---------------------------------------|------------------------------------------------------------------|

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК